Серуен	<p>1. Бақылау. Құстарды бақылау. Мақсаты: құстардың аттарын атап үйрету. Торғай мен сауысқанның айырмашылығын табуға және олар туралы айта білуге жаттықтыру. 2. Қимылды ойындар: «Қуыспак», «Мысық пен құстар». 3. Жеке жұмыс. Үш-төрт балаға тақпақ жаттату. Торғай ағаш қорғайды. Шыр-шыр еткен торғайды, Таспен атып торғайды, Қорғамасаң болмайды. Ұя бұзған оңбайды. Кіп-кішкене торғайлар, Құс өкпелеп кетеді,</p>	<p>1. Бақылау. Аула сыпырушы еңбегін бақылау. Мақсаты: Аула сыпырушының құралдарымен таныстыру, олардың неге ? қалай ? қолданылатынын білдіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге және олардан өнеге алып еңбекқор болуға тәрбиелеу. 2. Қимылды ойындар: «Ақ серек, көк серек», «Кім шапшаң?». «Аққу-қаздар». 3. Жеке жұмыс. Еңбек туралы мақал жаттау. Еңбегі аздың - өнбегі аз. Еңбектің наны тәтті,</p>	<p>1. Бақылау. Күнді бақылау. Мақсаты: Күннің сәуле шашуын, жер бетін жылытуын бақылату. Күннің көзі мен көлеңкедегі жердің қызуын салыстыру. 2. Қимылды ойындар: «Күн мен жаңбыр», «Кім түртті?». 3. Жеке жұмыс. Күн шыққанда екі-үш балаға жаттату Май берейін, құрт берейін, Күннің көзі шық,шық. Алақай, алақай, Күн шықты, күн</p>	<p>1. Бақылау. Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Бүгін күн қалай? Жылы ма, салқын ба бақылату. Оны қайдан және қалай аңғарып тұрсыңдар? Сұрақтарға нақты және толық жауап беруге үйрету. 2. Қимылды ойындар: «Ұшты-ұшты», «Кім тез жетеді?». 3. Жеке жұмыс. 1-2 баланы санауға, санды тани білуге үйрету. 4. Еңбек.Телімдегі құмды көтеріп</p>	<p>1. Бақылау. Транспортты бақылау. Мақсаты: көлік түрлері туралы білімдерін олықтыруды жалғастыру. Оларды тануға , айырып тауға үйрету. Соның ішінде автобусты бақылату және олардың әртүрлі болатынын көрсету.Жол жүру режелерін де қайталау. 2. Қимылды ойындар: «Өз орныңды тап», «Жүргізуші мен жаяу адам», 3. Жеке жұмыс. Екі-үш балаға автобустағы мәдениеттілікті үйрету. 4. Еңбек. Алаңды жинау. Тазалыққа дағдыландыру. 5. Көркем сөз: М Жаманбалинов. «Автобуста» Демалыс күн. Автобуста көп халық,</p>

	Ағаштарды қорғайды. Бақшамызға қонбайды. 4. Еңбек.Құстарға жем беру. 5. Көркем сөз. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап. Бөтегесі томпайып, Шиық-шиық десіп отырады.	Жалқаудың жаны тәтті. 4. Еңбек.Аула сыпырушыға көмектесу. 5. Көркем сөз. Қанатты сөздер.	шықты, Жер үстіне нұр шықты. 4. Еңбек. Еріген суға жол ашу. 5. Көркем сөз. . Арнау өлең оқу Алақай, алақай ! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты.	жинау. 5. Көркем сөз. Арнау өлең оқу Алақай, алақай ! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты.	Отырды олар базарда да топталып. Жалғыз үйрек қорапшаға салғаны, Мінді кенет шал есіктен алдағы. Тұмшаланған құстың басын ашты да, Қоя салды орындықтың астына. « Азаматтар.Алға қарай барыңдар. Азаматтар. Кәне, билет алыңдар» Деген сөзге үйрек сонда елеңдеп. Га-га-лайды: «Мен билетсіз келем» - деп.
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті)				
Балалармен жеке жұмыс	Айзере құрастыруға деген қызығушылығын арттыру.	Ясина дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.	Азат сөздерді дұрыс айтуды дағдыландыру	Гүлімге түстерді бір – бірінен ажыратауды бекіту	Эмиль жыл мезгілі туралы білімін жетілдіру
Балалардың өзіндік қызметі	Өз беттерімен кітаптарды көру	Лото ойыны. Фетрмен ертегілер	Футбол ойыны	Хоккей ойыны. Кегль ойыны	Пазлдар құрау
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналарға кеңес Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: РодниковкаЖОББМ

Мектепалды алды даярлық сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі :24-28 сәуір 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 24.04.23	Сейсенбі 25.04.23	Сәрсенбі 26.04.23	Бейсенбі 27.04.23	Жұма 28.04.23
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі фильтр, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
Ата-аналармен әңгімеселу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындар, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. «Сиқырлы қораптар» Мақсаты: Жануарларды қатты картоннан құрастыруға үйрету. Міндеті: Құрастыруға үйрету. Баланың ойлау және сөйлеу қабілеттерін одан әрі дамыту.	Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» Мақсаты: Жиһаздың бір бөлшегі жетпейтін суреттерді көрсететіп, себебін, қалай күту керектігін түсіндіру.	«Жұбын тап» ойыны: Мақсаты: Ұйымшылдықпен, шығармашылықпен ойлана ойнай білуге үйрену.	«Мимикалық жаттығу» Мақсаты: балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету.	Жаңылтпаш жаттау Шеше, шеше Неше кеше Сынды кеше «Үй жасаймыз» Қиынды суреттермен жұмыс Мақсаты: Логикалық ойлауға үйрету.
Таңертеңгі жаттығу	<ol style="list-style-type: none"> 1. А. қ аяқты алшақ ұстау, кішкене доп қолда, артта, 1- 2 қол жан- жақта, доп оң қолда. 2. Н. қ доп оң қолда 1-2 оң аяқты жоғары көтеру, допты сол қолға ауыстыру. 3- 4 н. қ тепе- теңдікті ұстау. 3. Аяқты алшақ ұстау, доп оң (сол) қолда 1- 2 тізені бүкпей төмен қарай иілу допты келесі қолға ауыстыру. 4. А. қ аяқты алшақ ұстау, доп оң қолда. Допты жоғарыға лақтыру, қағып алу, қолды шапалақтау. 5. А. қ тізені бүгіп, допты жоғары лақтырып, қағып алу. 6. Аяқты алшақ ұстау. Оңға, солға бұрылу. Допты еденге лақтыру, ұстап алу а. қ тепе- теңдікті сақтау. 				
Ұйымдастырылған қызметке дайындық (ҰК)	Балалар әсер алу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылау, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б. үшін жиналады. Балалар тәрбиешіге қоршаған ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен қызмет, кезекшілік)				
	«Не артық» Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады.	«Тәрбиеші апайлар» тақпағын мәнерлеп оқу. Мақсаты: Тақпағын қайталай отырып апайларын жақсы көре алады.	«Теңін тап» Мақсаты: Балалар екі бірдей заттарды таба алады.	«Дүкенші» Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді. зерттеу іс-әрекеті	«Кім шапшаң» Мақсаты : Балалар топтасып ойнай алады

<p>Ұйымдастырылған қызмет</p>	<p>ҚР Әнұрны 1.Сауат ашу негіздері Міндеті: Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Д/О: «Дыбыс және әріптер» Мақсаты: Сөздердің бір буыннан да, көп буыннан да тұратынын білдіру. Балалардың ой - өрісін, ойлау қабілетін, сауат ашу пәніне деген қызығушылығын арттыру. мақсатына жетуге ұмтылдыру, ұқыптылыққа, тапқырлыққа, ізденімпаздыққа, өздігінен жұмыс істей білуге үйрету. 2.Сөйлеуді дамыту Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Д/О:«Балақайлар ектебі» Мақсаты: Тілдің дағдылары мен біліктерін, тілдік бірліктерді еркін және орынды қолдануды қалыптастыру. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. 3. Қоршаған ортамен таныстыру Қоғамдық орындарда мінез-құлқ ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Д/О: «Әдеп және мәдениет» Мақсаты: Оқушыларды ізеттілікке, тапқырлыққа, шыдамдылыққа және өз ойын мәдени түрде жеткізуге, білуге үйрету. Оқушыларды</p>	<p>1.Математика негіздері Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу. Д/О: «Математика әлемі» Мақсаты: Балалардың математикаға деген қызығушылығын арттыру, апта күндерін ретімен жаңылмай айтуға, әр түрлі пішіндермен жұмыс істеуге, қарама - қарсы сөздерді таба білуге, пішіндерден танграмм, пифагор, колумбо жұмыртқасын құрастыруды үйрету. 2. Дамытушылық: Сандар жайлы түсініктерін дамыту, ойлау қабілеттерін, сөздік қорын дамыту. 2.Қазақ тілі Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру Д/О: «Кең байтақ елім» Мақсаты: Оқушыларды шығармашылыққа баулып, бала бойына шығармашылық қасиетті қалыптастыруда, ізденуге, білім алуға құштарлығын ояту. Ой-пікір қабілеттілігін жетілдіру, білімді, саналы, тілге жетік тұлға</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Д/О: «Көктем кереметі.» Мақсаты: Жылдамдыққа, ұқыптылыққа, тазалыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. 2.Математика негіздері Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу. Д/О: «Математика әлемі» Мақсаты: Балалардың математикаға деген қызығушылығын арттыру, апта күндерін ретімен жаңылмай айтуға, әр түрлі пішіндермен жұмыс істеуге, қарама - қарсы сөздерді таба білуге, пішіндерден танграмм, пифагор, колумбо жұмыртқасын құрастыруды үйрету. 2. Дамытушылық: Сандар жайлы</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Д/О: «Көктем кереметі.» Мақсаты: Жылдамдыққа, ұқыптылыққа, тазалыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. 2. Қоршаған ортамен таныстыру Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. Д/О: «Дұрыс-бұрыс» Мақсаты: Баланы ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін түсінуге, сыпайы және мейірімді болуға, дос болуға, құрметтеуге, көмектесуге, бөлісуге, қызығушылық танытуға, қоршаған әлемді бақылауға, зерттеуге баулу. 3. Музыка: Міндеті: Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойландыруға дағдыландыру.</p>	<p>1.Математика негіздері Шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу . Д/О: «Еңбек етсең ерінбей» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке, шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа үйрету. 2.Көркем әдебиет. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Д/О: «Көркем әрі сұлу» Мақсаты: Балалардың өмірге деген көзқарасын қалыптастыру, балалардың шығармашылық қабілетін арттыру. Сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, қисынды қайталап айтып беру. 3.Шығармашылық Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу. (құрастыру) Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара</p>
--------------------------------------	---	---	--	---	---

ұстамдылыққа, мәдени сөйлеуге тәрбиелеу.

4. Дене шынықтыру
Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу.

Қ/О: «Футбол алаңында жаттығу»

Мақсаты: Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі мақсаты жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау. Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қара-пайым дене жаттығуларымен алмастыру. Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түріндегі ептілік, жылдамдық пен реакция. Алуан ойын түрлерінде әртүрлі дене жаттығуларын орындау барысын-да басқа қатысушыларға тактикалық көмек көрсету.

дайындау.

3. Көркем әдебиет
Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту .

Д/О: «Шымшық» өлеңі

Мақсаты: балалардың шығармашылық қабілетін арттыру. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту .

4. Музыка

Міндеті: Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыруға дағдыландыру.

түсініктерін дамыту, ойлау қабілеттерін, сөздік қорын дамыту.

3. Сөйлеуді дамыту

Міндеті: Шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.

Д/О: «Мектебім»

Мақсаты: Сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы сұрақтарға жауап беруге үйрету; сурет бойынша ойын тиянақты жеткізе білуге баулу. Балаға өз ойын жүйелі түрде айта білуге үйрету арқылы зейінін дамыту. Балабақшада достарымен, үлкендермен қарым-қатынаста кішіпейіл болуға тәрбиелеу.

4. Дене шынықтыру
Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.

Қ/О: «Допты қуып жет»

Мақсаты: Қимылды ойындарды қызығушылықпен орындауға тәрбиелеу. Балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды

4. Қазақ тілі

Міндеті: Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.

Д/О: «Әңгіме-дүкен»

Мақсаты: Әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сөйлеу қабілетін қалыптастыру, сөздік қорын молайту. Сөздерді интонациясы бойынша дұрыс сөйлемдерді ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.

келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. (**сурет салу**)

Композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу (**мүсіндеу**)

Композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру (**жапсыру**)

Мақсаты: балалар төрт топқа бөлініп (**сурет салады, жапсырады, мүсіндейді, құрастырады**), өзіне **ұнаған шығармашылығымен айналысады.**

4. Дене шынықтыру
Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.

Қ/О: «Допты қуып жет»

Мақсаты: Қимылды ойындарды қызығушылықпен орындауға тәрбиелеу. Балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр

			ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.		жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет - Дене шынықтыру - Қоршаған ортамен таныстыру				
Серуен	1. Бақылау. Аспанды бақылау. Мақсаты: Аспандағы бұлттардың пішіндерін бақылату арқылы қиялын, зейінін дамыту. Олардың неге ұқсайтынын сұрау арқылы білімдерін толықтыру. 2. Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан», «Бұлтты және ашық күн», «Қуыспақ». 3. Жеке жұмыс. Жұмбақ жаттату. Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (күн) Төбемізде тұрады, Көгілдір боп әрдайым. (аспан) 4. Еңбек. Жапырақтарды жинау. 5. Көркем сөз: Бұлтқа - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың ? Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін ! - Гүл-гүл жайнап өсер көк ,	1. Бақылау. Ауладағы сиреньдерді бақылау, ағаштарының және бүршіктерінің өсіп келе жатырғанын, басқа ағаштармен салыстыру. Оның жұпар иісін искеу. 2. Қимылды ойындар: «Бір шоқ гүл жина », «Аталған ағашқа қарай жүгір». 3. Жеке жұмыс. Үш, төрт баламен ағаштарды күтіп, баптау керек оны сындырмай басқа заттардан қорғауға үйрету. Оның көлеңке және табиғатқа сән беретінін айту. 4. Еңбек: Қыстан телімді тазалау. 5. Көркем сөз. Қырға кілем жайдым. (қызғалдақ)	1. Бақылау. Ауа райын бақылау. Мақсаты:ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райымен салыстырып өзгешелігін айырып атауға жұмыстану. 2. Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан» , «Не өзгерді?» 3. Жеке жұмыс. Аспан туралы жұмбақтар шешу. 4. Еңбек. Телімдегі қағаз-қоқыстарды жинау. 5. Көркем сөз: Орақ болып туады, Табақ болып тұрады. (ай) Жымындатып көздерін, Түнде алыстан жанады. Таң атқанда өздері, Жасырынып қалады. (жұлдыздар) Желмен ұшып жетеді, Желмен ұшып кетеді.	1. Бақылау. Темір жол бекетін бақылау. Поездың жолдарын, темір жол деп атайды, өзінің тоқтайтын бекеттері бар және сағаттарға байланысты жүретінін балаларға түсіндіру. Поездың өзінің бағдаршамы бар қызыл жанса, яғни поездар жақындады дегенді білдіреді.. 2. Қимылды ойындар: «Көпірден өт», «Темір жолмен жүр», «Жолдың жиегімен жүгір» 3. Жеке жұмыс. 2-3 Машинисттер туралы әгімелеу олардың өте жауапты жұмыс екенін түсіндіру. 4. Еңбек. Өз киімдерін	1. Бақылау. Жаңбырды бақылау, жауынның азайғаны, жәй жауын, соқыр жуын болатындарын балаларға айтып түсіндіру. Балаларды көктемнің көңілді күндерімен таныстыру. 2. Қимылды ойындар: «жанбырдың жауған дыбыстарын шығару» кимылмен тарсылдатып көрсету. «Күн шықты жанбыр жауды» 3. Жеке жұмыс. 2-3 балаға жұмбақ жасыру: Көтеріліп теңізден, Биіктен қайта түскенде, Аспанға биік барамын.

	Нөсерлетсең, нөсерлет.		(бұлт)	ретімен мұқият киінуге, бауын байлауға жаттықтыру. 5. Көркем сөз. Жұмбақ. Үш көзді батыр, Жолды аңдып жатыр. (Бағдаршам)	Өңі кірер даланың. (Жаңбыр) 4. Еңбек. Телімдегі ағаш сынықтарын, қағаз қалдығын, әйнек т.б. заттарды жинау. 5. Көркем сөз. Жаңбыр жауса жер ырысы Батыр туса ел ырысы.
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті)				
Балалармен жеке жұмыс	«Қанша неше ұғымдарын қалыптастыру».	Ясинаға сөздік қорын молайту мақсатында суретке қарап әңгіме құрау.	Нұрсая Дыбыстарды ажырату	Гүлім Дыбыстарды ажырату	Эмиль Қанша нешеу ұғымдарын қалыптастыру
Балалардың өзіндік қызметі	Пазлдар жинау	Шашки ойнау	Кітаптар қарау	Пазлдар жинау	Ертегі кітаптар қарау
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналарға кеңес «Балалардың ұялы телефонға деген қызығушылығын төмендету туралы».				

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Родниковка ЖОББМ

Мектепалды алды даярлық сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі :01.05-05.05. 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 01.05.23	Сейсенбі 02.05.23	Сәрсенбі 03.05.23	Бейсенбі 04.05.23	Жұма 05.05.23
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі фильтр, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
Ата-аналармен әңгімеселу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:Балалардың көктем уақытында «Дұрыс тамақтануға баулу» кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындар, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Ойын:«Жер шары» Фотосуреттер қарау. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю.</p>	<p>Үстел үсті ойыны: «Шахмат» Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту</p>	<p>Қарындашпен еркін сурет салу қызметі Мақсаты: шаблондарды қолдана отырып, сурет салуды үйрету, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p>	<p>Ойын– жаттығу: «Туған жер табиғатын қорғау керек пе, әлде жоқ па?» әңгімелесу, сұрақ жауап Ойын:«Жер шары» Фотосуреттер қарау. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю.</p>	<p>Сюжеттік ойындар: «Не артық?» Мақсаты: Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу.</p>
Таңертеңгі жаттығу	<p>1. «Таяқты бер» н.қ бір - біріне арқамен тұрады, бір адым қашықтата, біреуінің қолында таяқша, екіншісінде жоқ, оның қолы төменде, 1-2 қол жоғарыда таяқты бір біріне беру. 3-4 қол аста, дем шығару.</p> <p>2. Суды жарушылар Ақ- аяқ жан- жақта таяқты қолмен ұстау. Алға артқа еңкею, таяқшаны ұстау.</p> <p>3. «Таяқты тарту» бір - біріне бетпе- бет тұру, таяқша еденде, ортада, таяқты аяқтың саусақтарымен алып, өзіне қарай тарту 6 рет қайталау.</p> <p>4. «Таяқты екеулеп көтерейік» н. қ -іппен жату бір - біріне бетпе-бет 1-2 таяқша жоғарыда 3 4 а. қ 4-6 рет қайталау.</p> <p>5. «Тұруға көмектес» бір- біріне бетпе- бет тұру, аяқты бұғу. Таяқша ортада, еденде Бір-біріне оң қолды созу, бірге көтерілу, отыру, сол қолмен орындау.</p> <p>6. «Секіру» н. қ- таяқша еденде, екі жақтан жанмен тұру, қол белде 4 рет секіру, 4 рет жүру, тізені жоғары көтеру. 5-6 рет қайталау</p>				

<p>Ұйымдастырылған қызметке дайындық (ҰҚ)</p>	<p>Балалар әсер алу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылау, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б. үшін жиналады. Балалар тәрбиешіге қоршаған ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен қызмет, кезекшілік)</p>			
<p>Ұйымдастырылған қызмет</p>	<p>Саусақ ойындары Ойын:« Қозылар» Мақсаты: саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау. Тіл дамыту жаттығуы</p>	<p>Саусақ ойыны: « Құрттар» Мақсаты: Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Тіл дамыту жаттығуы</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Даусынан таны» Шарты:Балалар көлік түрлерін дауысына қарай ажыратып, аттарын атап карточкаларын орнына апарып салады. Дыбыстық жаттығу Дан-дан-дан-манадан, Дан-дан-дан-шанадан, Ем-ем-ем– мінгізем. Ем-ем-ем – жүргізем.</p>	<p>Д/ойын: «Көліктерді ата» Мақсаты: балаларды арнайы көліктермен таныстырып, қоршаған ортаға, адамдарға немен керек екенің түсіндіру.</p>
	<p>1.Математика негіздері Міндеті: Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау. Д/О: Көлемінен, пішінен, түсінен фигураларды салыстыру. Мақсаты: фигураларды көлемінен, пішінен, түсінен, дұрыс орналасуымен таныстыру..Кеңістіктегі</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеті: Д/ойын «Сөз ойла ,тез ойла» Мақсаты:- Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу Д/О «Іздеу» Мақсаты: Байланыстыра сөйлеуін, зейінін, байқағыштығын дамытамыту. 2.Математика негіздері Міндеті: - Теңдік туралы</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеті: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу Д/О: «Қандай дыбыс?» Мақсаты:Дауысты,дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге үйрету,дыбысчтық талдау жасауға</p>	<p>1.Математика негіздері Міндеті: Д/О «Неге ұқсайды?» дидактикалық ойын Мақсаты: Заттарды топтастыра білуге үйрету, сәйкестендіру. Топтық жұмыс: «Өз жұбыңды тап» Мақсаты: Санды көру, есту және қимыл арқылы қабылдау қабілетін пысықтау.</p>

елестеулерін қалыптастыру.
2.Қазақ тілі
Міндеті: -Шағын өлеңдер
Логикалық ойын:“Дыбыстың таңбасын таңдау”
Мақсаты:Берілген сұрақтарға тек таңдаған дыбыстан басталатын сөзбен жауап беру
3.Көркем әдебиет
Міндеті: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру
Д\О"Сөйлемді аяқта"
Мақсаты: Есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту

4. Музыка
Міндеті:Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыруға дағдыландыру.

түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.
Д\О«Қателеспе!»
Мақсаты. Санауға үйрету. Заттың пішінін және түсін ажырата білу дағдыларын қалыптастыру.
Д\О:«Қайсы қолымда көп?»
Мақсаты: Заттың екі жиынтығын салыстыра білуге үйрету. Көз мөлшерін дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Жапсыру
Сандарды қиып, ретімен жапсыру
3.Сөйлеуді дамыту
Міндеті: Артикуляциялық жаттығулар жасау.
Д\О: «Сықырлы дөңгелек»
Мақсаты:Дөңгелекке жазылған сөздердің синонимін табу
2. «Адасқан сөздер» ойыны
Мақсаты:адасқан сөздерді тауып,орнына қою
4.Дене шынықтыру
Міндеті: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою.
«Күн мен түн» ойыны
Мақсаты: Балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу

дайындау.
2. «**Қуыршақтың есімі**»
Мақсаты: Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну.
2. Қоршаған ортамен таныстыру
Міндеті: Жеке тапсырма.(Суреттен тірі табиғатты жасыл, өлі табиғатты қызылмен бояу)
Құрастыру (интеграция)
Қыс мезгілін әртүрлі табиғи материялдардан құрастыру
Мақсаты: Еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылу
3. Музыка
Міндеті Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыруға дағдыландыру.
4.Қазақ тілі
Міндеті: -Шағын өлеңдер дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).
Д\О: «Сөзді аяқтап көмектес»

2.Көркем әдебиет
Міндеті: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру
Д\О: **Мен бастаймын, сен аяқта»**
Мақсаты: Есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту.
3.Шығармашылық.
Урет салу
-Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу,
Мүіндеу
қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.
Жапсыру
Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді Құрастыру
-Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.

				<p>Мақсаты: Фонематикалық есту қабілетін дамыту, жетіспейтін дыбыстарды жалғастыру</p> <p>2. «Естігенде шапалақта»</p> <p>Мақсаты: дыбыстардың арасынан берілген дыбысты ажырату, фонематикалық есту қабілетін дамыту.</p>	<p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Міндеті: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою.</p> <p>«Аңшылар мен қояндар»</p> <p>Мақсаты: Балаларды қоян болып секіруге, аңшылардан қорғануға үйрету.</p>
Серуенге дайындық	<p>Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.</p> <p>Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)</p>				
Серуен	<p>Маусымдық өзгерістерді бақылау</p> <p>Мақсаты:</p> <p>— Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру;</p> <p>— айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету;</p> <p>— табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу.</p>	<p>Қайың ағашын бақылау</p> <p>Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Көркем сөз «Жас шыбық»</p> <p>А. Меңдібай</p> <p>Көшетін әкеп қайыңның, Отырғыздым аулаға. Жіп-жіңішке жас шыбық, Өспейді деп ойлама. Жас шыбық өсіп толады, Әсем қайың болады, Суғарып, күтіп, баптасам. Қайың көп ағаштардың</p>	<p>Итті бақылау</p> <p>Мақсаты: жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру;</p> <p>— жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p><i>Көркем сөз «КҮШІГІМ» А. Меңдібай</i></p> <p><i>Кіп-кішкентай күшігім, Сүйкімдісін өзінің. Еркелейді ойнақтап, Жылтырын-ай</i></p>	<p>Бұлттарды бақылау</p> <p>Мақсаты: әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Көркем сөз «Бұлт»</p> <p>Ә. Ақыпбекұлы</p> <p>Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.</p> <p>♦ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсындар?</p>	

	<p>Бақылау барысы Тәрбиеші: Балалар, мені тыңдандар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табындар. Жауған қарымен, ... құнар береді. (қыс) Үлкендер қарбалас, ... дән себеді. (көктемде) Бақ пенен бақшаны, ... баптап өсіреді. (жазда) Дихандар жемісін, ... жинап береді. (күзде) Тәрбиеші сұрақтары: • Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған? • Қазір жылдың қай мезгілі? • Көктемнің алдында қай мезгіл болды? • Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады? • Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады? Зерттеу жұмысы: Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге</p>	<p>ішіндегі сұлу ағаштардың бірі. Оның аппақ діңі жұқа қабықпен қапталған. Қайың қыс шыққан бойда бүр жарып шыға келеді. Халық әндері мен ертегілеріне қайыңды жиі қосқан. Оны сүйіспеншілікпен «ақ қайың» деп атаған. Ерте кезде жолаушы жүретін үлкен жолдардың бойына қайың еккен. Қайыңның жұмсақ қабығынан жеңіл шабата (аяқ киім), жолаушы жүргенде киімдері мен тамағын салатын себеттер тоқыған. Тәрбиеші сұрақтары: • Қандай ағаш түрлерін білесіңдер? • Біздің ауламызда қандай ағаштар өседі? • Ағаштар жылдың қай мезгілінде көктейді? • Әуелі ағаш бұтақтарында не пайда болады? • Қазір аулаға ағаш көшетін отырғызуға бола ма? • Ағаштар жақсы өсуі үшін біз оларға не істеуіміз керек? Зерттеу жұмысы Қайың ағашы мен басқа ағаштарды салыстыру: оларды қандай айырмашылықтары арқылы ажыратуға болады? Еңбек</p>	<p>көзінің. <i>Оратылып аяққа, Бір сәт тыным таппайды. Кел, достарым, жасқанба, Күшігім менің қаппайды</i> Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Бұл күшік сендерге ұнай ма? ♦ Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсыңдар? ♦ Күшіктің көңіл-күйі қандай? ♦ Не себепті көңіл-күйі көтеріңкі деп ойлайсыңдар? ♦ Сендерше күшіктер көбіне немен айналысқанды жақсы көреді? Үйде асырауға алған иттер өз иесін өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қиыншылыққа төтеп береді. Ол өз иесін ешуақытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы. Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір жануарымыз болса оған қамқор болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз, оларды сүйе білгеніміз жөн. Еңбек: Жер қазу жұмыстарына қатысу. <i>Мақсаты:</i> - ұжыммен</p>	<p>♦ Бүгінгі бұлттар қандай? ♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? ♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады? Еңбек Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу <i>Мақсаты:</i> бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Үйсіз қоян». <i>Мақсаты:</i> — бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; — жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу. Жеке жұмыс Жанылтпаш айту: «Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, бұлт ақ» «Анау арал қай арал, Қайыңды арал, талды арал» Жұмбақ: <i>Етек-жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай, Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып</i></p>
--	--	---	--	---

		ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады) Еңбек Гүл егетін жерді тазалау. Мақсаты: Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны: Орнында тұрып биіктікке секіру. Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу.	Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу Мақсаты: өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу. Қимылды ойын: «Орамал тастамақ» Мақсаты: _- ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу. Жаттығу ойыны Затты нысанаға лақтыру. Мақсаты: қол күштерін, көз мөлшерін дамыту.	жұмыс істей білулерін тиянақтау; - еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға деген құлшыныстарын арттыру. Қимылды ойын: «Қасқыр қақпан». Мақсаты: — белгі бойынша әрекет етуге баулу; — жылдамдық, байқампаздық дағдыларын дамыту. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: секіру техникасын меңгерту (жіппен секіруге жаттықтыру).	өшеді. (бұлт)
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті)				
Балалармен жеке жұмыс		Азат (Р) дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.	Ясина сөздерді дұрыс айтуды дағдыландыру	Нұрсаяға түстерді бір – бірінен ажыратауды бекіту	Айзереге жыл мезгілі туралы білімін жетілдіру
Балалардың өзіндік қызметі		Шашки ойнау	Кітаптар қарау	Пазлдар жинау	Ертегі кітаптар қарау
Балалардың үйге қайтуы	<i>Ата –аналарға кеңес</i> <i>Балалардың жетістіктері туралы әңгіме.</i>				

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Родниковка ЖОББМ

Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 8-12 мамыр 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 8.05.23	Сейсенбі 9.05.23	Сәрсенбі 10.05.23	Бейсенбі 11.05.23	Жұма 12.05.23
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі филтер, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
Ата-аналармен әңгімеселу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көру туралы кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындар, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			Тақырыпқа әңгіме: Дос қандай болу керек?	Өз беттерінше сурет салу «Менің сүйікті спортым»	Құрылыс ойындары
Таңертеңгілік жаттығу	<ol style="list-style-type: none"> «Таяқты бер» н.қ бір - біріне арқамен тұрады, бір адым қашықтата, біреуінің қолында таяқша, екіншісінде жоқ, оның қолы төменде, 1-2 қол жоғарыда таяқты бір біріне беру. 3-4 қол аста, дем шығару. Суды жарушылар Ақ- аяқ жан- жақта таяқты қолмен ұстау. Алға артқа еңкею, таяқшаны ұстау. «Таяқты тарту» бір - біріне бетпе- бет тұру, таяқша еденде, ортада, таяқты аяқтың саусақтарымен алып, өзіне қарай тарту 6 рет қайталау. «Таяқты екеулеп көтерейік» н. қ -іппен жату бір - біріне бетпе-бет 1-2 таяқша жоғарыда 3 4 а. қ 4-6 рет қайталау. «Тұруға көмектес» бір- біріне бетпе- бет тұру, аяқты бүгу. Таяқша ортада, еденде Бір-біріне оң қолды созу, бірге көтерілу, отыру, сол қолмен орындау. «Секіру» н. қ- таяқша еденде, екі жақтан жанмен тұру, қол белде 4 рет секіру, 4 рет жүру, тізені жоғары көтеру. 5-6 рет қайталау 				
Ұйымдастырылған қызметке дайындық (ҰК)	Балалар әсер алу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылау, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б. үшін жиналады. Балалар тәрбиешіге қоршаған ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен қызмет, кезекшілік)				

			<p>Дербес ойын «Мозайка» Мақсаты: Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады.</p>	<p>Еркін сурет салу қызметі-трафаретпен сурет салу Мақсаты: трафареттерді қолдана отырып, сурет салуды үйрету, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (сурет салу-шығармашылық қызмет)</p>	<p>Үстел үсті театр ойыны: «Өлі табиғат құбылыстары» тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. (коммуникативтік, танымдық қызмет)</p>
<p>Ұйымдастырылған қызмет</p>			<p><u>1.Сауат ашу негіздері</u> Міндеті Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.. сөйлем сөздерден тұратынын түсіну Д/О: «Жоғалған буын» Мақсаты: Өткен дыбыстарды қайталату арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту, ойыны арқылы дыбыстардан сөз, сөзден сөйлем құрастыруға үйрету. Жазуға қолдарын жаттықтыру. <u>2.Математика негіздері</u> Міндеті: Ойын «Шаршы құрастыр» Мақсаты: -Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес</p>	<p><u>1.Сауат ашу негіздері</u> Міндеті: - Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.. сөйлем сөздерден тұратынын түсіну Д/О:«Кім ұқыпты» Мақсаты: дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. <u>2. Қоршаған ортамен таныстыру</u> Міндеті: - Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды</p>	<p><u>1.Математика негіздері</u> Міндеті: -Уақытты бағдарлау. Д/О“Айырмашылығы неде» Балалардың геометриялық фигуралар туралы түсініктерін тереңірек қалыптастыру, олардың жай емес “сикырлы” фигуралар екенін, олардан түрлі ойыншықтар, есептер, ойындар құрастыруға болатынына балалардың көзін жеткізу, , ұқсас заттарды бір-бірімен көзбен көру арқылы салыстыра білуге үйрету. 2.Көркем әдебиет. Міндеті: диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Д/О: Мен бастаймын, сен аяқта» Мақсаты: Есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту. Кім көп айтады?» Мақсаты: Ойлау тындау қабілеттерін дамыта отыра, ауызекі сөйлеулерін жетілдіру. 3.Шығармашылық Құрастыру</p>

			<p>екенін түсіндіру.</p> <p><u>Кұрастыру</u> Пішіндерден әдемі кілемшелер құрастыру</p> <p><u>3.Сөйлеуді дамыту</u> <u>Міндеті:</u> Артикуляциялық жаттығулар жасау. Д/О: «Мен не жасадым?» Мақсаты: Балалардың тіл қорларын дамыту, қысқы киімдер атауын атауға үйрету, әрекетке қарап сипаттап сөйлем құрастыра білуге жаттықтыру.</p> <p><u>4.Дене шынықтыру</u> <u>Міндеті:</u> - Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. - Асықты лақтыру, Ұлттық ойын: «бес асық» Мақсаты: Асық ойыны арқылы оқушыларды дәлдікке, интеллектуалдық және мергендік, ептілік қабілеттіліктерін дамыту, жеңіске деген</p>	<p>құрметтеуД/О:Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата» Мақсаты:қасиетіне қарай қар мен жаңбырды ажырата білу,табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту.</p> <p><u>3. Музыка</u> Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыруға дағдыландыру.</p> <p><u>Қазақ тілі</u> Міндеті: - санамақтар жаттату Жалғасын тап” ойыны. Ойынның мақсаты: сөйлемдерді дұрыс құратуға үйрету. “Орныңды тап “ойыны. Ойынның мақсаты: Сөздерге дұрыс сұрақтар қоя білу.</p>	<p>-Ойынға қажетгі құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.</p> <p>Сурет алу бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу Мүсіндеу Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. Жапсыру Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию</p> <p><u>4.Дене шынықтыру</u> <u>Міндеті:</u> Ұлттық қимылды ойындарды ойнату Ойын:Допты қуып жет Мақсаты:балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта белгіні тындауға,тез жүгіруге баулу 2.Ұшқыштар Мақсаты:балаларды бір-біріне соғылмай жүруге,белгі бойынша қозғалуға үйрету</p>
--	--	--	---	--	---

			құштарлыққа, намысқойлыққа, әділдікке баулу.		
Серуенге дайындық	<p>Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.</p> <p>Жүйелі киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет - Дене шынықтыру - Қоршаған ортамен таныстыру 				
Серуен			<p>Бақбақ гүлін бақылау <i>Мақсаты:</i> бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару); — табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру; — емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы Көркем сөз. <i>Аппақ, аппақ бақбақтар, Үлбіреген бақбақтар, Құдды киіз ақ үйлер. Парашюттен аумайды. Төнеді кеп жан-жақтан, Сәл-пәл самал жел соқса, Тамашалап сәбилер. Ақ ұлталар заулайды.</i></p> <p><i>Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы. Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі. Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл</i></p>	<p>Жолжелкенді бақылау <i>Мақсаты:</i> емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту. Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімесі <i>-Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяқкиімге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің</i></p>	<p>Жәндіктерді бақылау <i>Мақсаты:</i> «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасайрады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Бізындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) - Бізындап ән салып, Жүп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) - Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (кұмырсқа) - Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім

			<p>табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа ұлпілдек «паращоттерге» ай-налады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе Еңбек. Гүл егілген алаң айналасын тазалау</p>	<p><i>жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жарараға, іріңді ісікке, шиқанға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаншуга, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады.</i></p>	<p>тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)</p> <p>Тәрбиеші сұрақтары.</p> <ul style="list-style-type: none"> ◆ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ◆ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (көбелек, құрт т.б.) ◆ Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар) ◆ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ◆ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.) ◆ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара, жібек құрты, құмырсқа). ◆ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) ◆ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) ◆ Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. <p>Еңбек: Алаңды қоқыстардан тазалау. Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу.</p>
--	--	--	--	---	---

					<p><i>Ептілікке, жылдамдыққа баулу.</i> Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. <i>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.</i></p> <p>Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.</p>
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті)				
Балалармен жеке жұмыс			Сөйлемдерді интонация бойынша ажырата отырып (хабарлы, сұраулы, лепті), сөйлеу барысында қолдану Айзере	Үй жануарлары тіршілігі үшін қажетті жағдайларды атап бер? Азат	Сурет салу Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті Сұлтан
Балалардың өзіндік қызметі			Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар.	Құрылыс ойындары	Емін –еркін ойын
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы туралы.				

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Родниковка ЖОББМ

Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 15-19 мамыр 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 15.05.23	Сейсенбі 16.05.23	Сәрсенбі 17.05.23	Бейсенбі 18.05.23	Жұма 19.05.23
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі фильтр, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
Ата-аналармен әңгімеселу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындар, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Көршісін тап» дидактикалық ойын Мақсаты: суреттер екі бөлікке бөлініп беріледі, ұқсайтын суреттерді бір-бірімен сәйкестендіру, логикалық қабілетін дамыту	Тақырыпқа әңгіме: «Менің сүйікті ойыншықтарым» әңгіме құру	«Жел соғып тұр» Мақсаты: Кез – келген жағдайларда қатты немесе ақырын дауысты қолдана білуді дамыту	«Кел, ойнайық!» Мақсаты: Қатты дауысты пайдалана білуді шынықтыру	Тақырыпқа әңгіме: «Бізге жиһаз не үшін керек?»
Таңертеңгілік жаттығу	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Таяқты бер» н.қ бір - біріне арқамен тұрады, бір адым қашықтата, біреуінің қолында таяқша, екіншісінде жоқ, оның қолы төменде, 1-2 қол жоғарыда таяқты бір біріне беру. 3-4 қол аста, дем шығару. 2. Суды жарушылар Ақ- аяқ жан- жақта таяқты қолмен ұстау. Алға артқа еңкею, таяқшаны ұстау. 3. «Таяқты тарту» бір - біріне бетпе- бет тұру, таяқша еденде, ортада, таяқты аяқтың саусақтарымен алып, өзіне қарай тарту 6 рет қайталау. 4. «Таяқты екеулеп көтерейік» н. қ -іппен жату бір - біріне бетпе-бет 1-2 таяқша жоғарыда 3 4 а. қ 4-6 рет қайталау. 5. «Тұруға көмектес» бір- біріне бетпе- бет тұру, аяқты бүгу. Таяқша ортада, еденде Бір-біріне оң қолды созу, бірге көтерілу, отыру, сол қолмен орындау. 6. «Секіру» н. қ- таяқша еденде, екі жақтан жанмен тұру, қол белде 4 рет секіру, 4 рет жүру, тізені жоғары көтеру. 5-6 рет қайталау 				

<p>Ұйымдастырылған қызметке дайындық (ҰҚ)</p>	<p>Балалар әсер алу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылау, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б. үшін жиналады. Балалар тәрбиешіге қоршаған ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен қызмет, кезекшілік)</p>				
	<p>«Кім тез жинайды.Ойын мақсаты: Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.</p>	<p>«Дыбыстар қайда орналасқан». Ойын мақсаты: Дауысты дыбыстарды ажырата білуге үйрету.</p>	<p>«Нені қайдан алуға болады?» Мақсаты: Адамға қажетті заттарды тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту.</p>	<p>Психологиялық ойын: Ойын:« Сәлемдесу» жаттығуы. Мақсаты: Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу. Ойын шарты: Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір-бірлеріңмен тез-тез амандасасыңдар. Әр адаммен әртүрлі амандасасыңдар. Сонымен, көзбен... қолмен... иықпен... құлақпен... тіземен... иекпен... өкшемен... арқамен.</p>	<p>«Сыңарын тап» Мақсаты: Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту.Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету.Ойынға қызығушылықтарын арттыру.Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>
<p>Ұйымдастырылған қызмет</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеті: - Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. «Сикырлы сандық» Мақсаты:. көлденең,</p>	<p>1.Математика негіздері Міндеті: Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Д/О: «Кеңістікті бағдарла» Мақсаты:Берілген</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеті: - Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. «Сөзді ата» ойыны Дауысты дыбыстары бар сөздерді, содан</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеті: - Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. «Ойлан тап» ойыны(сурет және сөз үлгісі).</p>	<p>1.Математика негіздері Міндеті: Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау. Д/О: Біреу және көп» Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. 2.Көркем әдебиет</p>

<p>«Кемпірқосақ арқылы саяхат» эстетикалық</p>	<p>қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды жазуға үйрету 2.Сөйлеуді дамыту Міндеті: -Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. «Дыбыстар қайда орналасқан». Ойын мақсаты: Дауысты дыбыстарды ажырата білуге үйрету. 3. Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету(қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау. Сурет Жақсы көретін жыл мезгілінің суретін салу 4.Дене шынықтыру Міндеті: Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға</p>	<p>тапсырма бойынша карточкаларды кеңістікте орналастыру 2.Қазақ тілі Міндеті: - санамақтар жаттату Д/О«Дыбыстық талдау жаса» Мақсаты: Сөздегі дыбыстардың орнын анықтауға үйрету Мүсіндеу Қазақтың ұлттық ыдыстарын мүсіндеу 3.Көркем әдебиет Міндеті: диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру.. Дидактикалық жаттығу: «Кім көп айтады» доп арқылы Мақсаты: Есте сақтау қабілеттерін дамыту, шапшандылыққа баулу. 4. Музыка Міндеті Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу.</p>	<p>кейін олардың «дауыссыз жолдастарын» атаңыз. 2.Математика негіздері Міндеті:. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау. «Жануарларды орналастыр» дидактикалық ойыны Мақсаты: Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйрету.(оң жақта,сол жақта) Құрастыру «Пішіндерді сурет бойынша құрастыр» Мақсаты: Пішіндерді сол,оң ұғымдарын пайдалана отырып құрастыру 3.Сөйлеуді дамыту Міндеті: - -Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.Д/О: «Әртүрлі сөздерді жинақта» Мақсаты:Сөздің бірінші және соңғы</p>	<p>Белгілі бір дыбыстық құрылымдағы сөздерді атауға үйренеміз. 2. Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті: -Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). Д/О«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата» Мақсаты: Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады. 3. Музыка Міндеті: Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салу. 4.Қазақ тілі Міндеті: жаңылтпаштар жаттату, «Ертегілер еліне саяхат». Мақсаты:</p>	<p>Міндеті: Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну 3.Шығармашылық Құратыру - Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша кию үшін қайшыны қолдану. Сурет салу Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Жапсыру Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық кию, ою, флористика элементтерін) қолдану, Мүсіндеу -Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. 4.Дене шынықтыру Міндеті: Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру Д/О: «Көгершіндер» балалардың дене тәрбиесі мен спортқа деген қызығушылығын қалыптастыру, ойлау, зейін, есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту</p>
--	---	--	---	--	--

<p>сауаттылық апталығы</p>	<p>баулу. Қ/О: «Өз жұбыңды тап Мақсаты: Жұбымен шеңбер бойымен жүру.</p>		<p>дыбысын ажыратып үйрету 4.Дене шынықтыру Міндеті: Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. «Қысқы ойындар» таза ауада ойнатылатын қысқы ойындар мен таныстыру. Шапшаңдық пен ептілікті дамыту.Ойын ережесімен таныстыру және оларды орындауға жаттықтыру; жүру түрлерін жаттықтыру.</p>	<p>Дидактикалық ойындар арқылы, өтілген ертегілерден алған білімдерін тиянақтау.</p>	
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)</p>				
<p>Серуен</p>	<p>Ауа-райын бақылау Мақсаты: Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Бақылау барысы Көркем сөз. А.Меңдібай Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз еккен, Гүл шоқтары гүлдейді.</p>	<p>Гүлзарды бақылау Мақсаты: — Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту; — Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау; — Табиғатты сүйеге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді ◆ Қандай үй гүлдерін білесіңдер? ◆ Қандай дала гүлдерін білесіңдер? ◆ Олардың қандай айырмашылығы бар?</p>	<p>Серуен № 6 Велосипедті бақылау Мақсаты: велосипедтің қажеттілігі туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы Балаларға жұмбақ жасыру Бірде екі дөңселекті, Бірде үш дөңселекті. Қажет кезде онымен, Қызыққа да батасың, Артып алып сөмкеңді, Серуендеп те қайтасың. (велосипед) Балаларға сұрақтар. ◆ Балалар, велосипедгер қандай болады? (балаларға және үлкендерге арналған) ◆ Олардың қандай айырмашылығы бар?</p>	<p>Құмырсқаларды бақылау Мақсаты: — Құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау; — Зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру. Бақылау барысы Көркем сөз «Құмырсқа» Г. Өкеев Құжынаған құмырсқа, Ұйымшыл-ақ өздері. Шығады ерте жұмысқа. Жүкпен қайтып қашықтан, Нелер шебер табылып, Илеуіне асыққан. Жасайды илеу жабылып. Бәрі</p>	<p>Кемпірқосақты бақылау Мақсаты: өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпірқосақ туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. - Жарқылдан соң жаңағы, Суға бөкті бар алап. Көкте түрлі жолақты, Өрнек тұрды ғаламат. (кемпірқосақ) - Жаңбыр жуды жерімді, Көкте өрмек керілді. (кемпірқосақ) Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде</p>

	<p><i>Жапырақтар сыбдырлап, «Қандай көркем, көр»-дейді.</i> Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді.</p> <p>◆ Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем).</p> <p>◆ <i>Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр, жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)</i></p> <p>◆ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (<i>күн жылығандықтан</i>)</p> <p>◆ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем)</p> <p>◆ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады)</p> <p>◆ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк)</p> <p>◆ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр).</p> <p>◆ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді?</p> <p>◆ Жаңбыр қандай температурада жауады?</p> <p>◆ Көктемнің соңғы айында табиғатта</p>	<p>◆ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?</p> <p>◆ Сендердің үйлерінде гүл бар ма? Қандай?</p> <p>◆ Оларды қалай күтесіңдер?</p> <p>◆ Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?</p> <p>◆ Біздің гүлзарға отырғызуга арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады?</p> <p>◆ Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек?</p> <p>◆ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуга болмайды?</p> <p>◆ Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?</p> <p>Еңбек Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). <i>Мақсаты:</i> — Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; — Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?».</p> <p><i>Мақсаты:</i> жүкіруге жаттықтыру.</p> <p>Жаттығу ойыны «Құлап қалма».</p> <p><i>Мақсаты:</i> бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.</p> <p>Мақал-мәтел: - <i>Әр гүлдің иісі әр басқа.</i> - <i>Гүл-араға, бал-балаға.</i></p> <p>Қызыл гүл көзге алыстан шалынар</p>	<p>(көлемімен және дөңгелегімен)</p> <p>◆ Велосипед қандай бөліктерден тұрады?</p> <p>◆ Велосипедте жүру қиын ба?</p> <p>◆ Қалай ойлайсыңдар, велосипедпен жүру үшін жол ережесін білу керек пе?</p> <p>◆ Велосипедтің машинадан қандай айырмашылығы бар ?</p> <p>◆ Велосипедпен бір уақытта неше адам жүруге болады ?</p> <p>Еңбек Алаңға баратын жолдарды қоқыстардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын қалыптастыру.</p> <p>Қимылды ойын «Теңге алу».</p> <p><i>Мақсаты:</i> ептілікке, жылдамдыққа, жеңіске жетуге деген құштарлыққа баулу.</p> <p>Жаттығу ойыны Затты нысанаға лақтыру. <i>Мақсаты:</i> қол күштерін, көз өлшемін, объектіні бағдарлай білулерін дамыту.</p> <p>Мақал: <i>Жолда жүрсең, сақ жүр.</i></p>	<p><i>еңбекпен шынығар, Жылт-жылт етіп көздері, Ісін тындырып тынығар.</i> <i>Балаларға сұрақтар</i></p> <p>◆ Құмырсақалардың адамдарға және орманға қандай пайдасы бар? (<i>зиянда жәндіктерді құртады</i>)</p> <p>◆ Орманның қандай тұрғыны құмырсақ мен оның көбелектерін (личинкаларын) жеуге құмар? (аю мен тоқылдақ)</p> <p>◆ Құмырсақсыз жер болмайды. Құмырсақаларды «ағаш дәрігерлері» деп те атайды. Олар ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды. Құмырсақалар өте еңбекқор, олар өздерінен бірнеше есе үлкен нәрселерді илеулеріне сүйретіп тасиды. Құмырсақалардың илеуінің тесігі төбесінде болады. Құмырсақалар өз илеуінен ешқашан адаспайды. Неліктен деп ойлайсыңдар. Құмырсақалар өз илеулерін иіскеп жүріп иісінен табады. Әр илеу өз құмырсақаларынан басқа құмырсақаларды жолатпайды. Егер басқа илеудің құмырсақсыз бара қалса, оны жабылып шағып тастайды. Әр илеудің өз иісі болады. Құмырсақалар тек қана ағаштардағы құрттарды құртып қана қоймайды, олар құстарға да көмектеседі. Құстар құмырсақаның илеуінің үстіне қанатын жайып отырады, құмырсақалар оларды</p>	<p>аспаннан кемпірқосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпірқосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпірқосаққа жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады. Балаларға сұрақтар:</p> <p>◆ Кемпірқосақ қай уақытта пайда болады ?</p> <p>◆ Ол қай уақытта жоғалады?</p> <p>◆ Кемпірқосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады?</p> <p>Тәрбиеші балаларға тапсырма береді. Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпірқосақтың суретін салу.</p> <p>Еңбек: Балабақша ауласын қоқыстан тазалау. <i>Мақсаты:</i> аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын «Қасқыр қақпан».</p> <p><i>Мақсаты:</i> Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу.</p> <p>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. <i>Мақсаты:</i> арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру.</p>
--	---	--	--	---	--

	<p>қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды).</p> <p>Еңбек Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. <i>Мақсаты:</i> <i>кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.</i></p> <p>Қимылды ойын «Үшінші артық». <i>Мақсаты:</i> ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. <i>Мақсаты:</i> — Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; Қозғалыс координацияларын сақтау</p>			<p>үстеріндегі биттер мен бүргелерден тазалайды. Құмырсқалардан бөлініп шыққан өткір қышқыл иістен көпке дейін құстарға бит, бүргелер жоламайды. Құмырсқаның қышқылынан дәрі-дәрмектер де жасайды. Құмырсқалар залалсыз, дәрменсіз жәндік болғандықтан оларға тиіспеуіміз керек.</p> <p>◆ Құмырсқалардың қандай пайдасы бар? ◆ Олар өз илеулерін қайда салады? ◆ қане біздің құмырсқалар қалай жұмыс істеп жүр екен, қарайықшы! (олар өздінің ізімен, бірінен соң бірі илеулеріне қарай ағылуда)</p> <p>Зерттеу қызметі Құмырсқалардың бір жолына құм, бір жолына қант себу. Олардың қалай әрекет ететінін бақылау.</p> <p>Еңбек Ойын алаңын тазалау. <i>Мақсаты:</i> бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру. Қимылды ойын «Итеріспек».</p>	
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті)				
Балалармен жеке жұмыс	<p>Ясина</p> <p>Мақсаты: Сандарды рет ретімен айтуды бекіту</p>	<p>Зере</p> <p>Мақсаты: Заттарды санауға, сандар ды ажырата білуге дағдыландыру</p>	<p>Айзере</p> <p>Мақсаты:кеңістікті бағдарлау</p>	<p>Эмиль</p> <p>Мақсаты:Сөздерді дұрыс айтуды дағдыландыру</p>	<p>«Дәл осындай пішінді тап»</p> <p>Топпен жұмыс</p>
Балалардың	Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар.	Сурет салу «Қыс қызығы»	«Көлеңкесін тап» ойыны	Өздерінің қалаған кітаптарын қарау	Тақырыпқа әңгіме: «Менің отбасым тату тұрады»

өзіндік қызметі					тақырыбына әңгіме құрастыру
Балалардың үйге қайтуы	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>				

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Родниковка ЖОББМ

Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 22-26 мамыр 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 22.05.23	Сейсенбі 23.05.23	Сәрсенбі 24.05.23	Бейсенбі 25.05.23	Жұма 26.05.23
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі фильтр, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
Ата-аналармен әңгімеселу, кеңес беру	Ата-анаға кеңес: Балалардың қол маторикасының дамуына үйде қайшымен қағаздардан түрлі заттардың сұлбасын қиып, айшымен жұмысты көбірек пайдалану туралы кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындар, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Көркем әдебиет оқу</p> <p>«Осындай біздің отбасы» К.Күзембай</p>	<p>Тақырыпқа әңгіме:</p> <p>Мен тұратын көше және менің мекен жайым тақырыбына әңгіме құру</p>	<p>«Көңілді фигуралар»</p> <p>дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: геометриялық фигуралар туралы білімді бекіту, заттардың пішінін белгілі геометриялық фигуралармен байланыстыру қабілетін қалыптастыру.</p>	<p>«Затты сипатта»</p> <p>Мақсаты: заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.</p>	<p>Тақырыпқа әңгіме:</p> <p>«Үйде және жолда өзін –өзі ұстау қауіпсіздік ереже лері» туралы әңгімелесу.</p>
Таңертеңгі жаттығу	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Диірмен» н. қ – аяқты алшақ ұстау, қол төменде 1-4 рет қолмен диірменді айналдыру 5-6 керісінше. 2. Н. қ- аяқты алшақ ұстау, қол артта, 1- қолды жоғарыда шапалақтау, 2-3 төмен қарай еңкею басты аяққа қарай созу, шапалақтау. 3. Н. қ - тіземен отыру, алға қарау, 1-2 аяқты тікейту, ұшымен тұру 3-4 н. қ 4-5 рет қайталау. 4. «Футбол» арқамен жату, тізені тіке әкелу оң және сол аяқпен допты тепкендей тебу, екі аяқ. 5. «Насос» н. қ- аяқты алшақ ұстау, қол белде 1-2 оңға бұрылу, оң қол төменде, сол қол жоғарыда, еңкейгенде ш-ш-ш деп дем шығару. 6. « Шапалақтау» н. қ – отыру, қол артта 1-2 оң аяқты көтеру, тізе астынан шапалақтау. 				

<p>Ұйымдастырылған қызметке дайындық (ҰҚ)</p>	<p>Балалар әсер алу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылау, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б. үшін жиналады. Балалар тәрбиешіге қоршаған ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен қызмет, кезекшілік)</p>				
<p>Ұйымдастырылған қызмет</p>	<p>Танымдық-қимылды ойын: «Аңдар жүрісі»Мақсаты: Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады</p>	<p>«Жұбын тап» Мақсаты: балаларға заттарды ұзындығы мен ені бойынша салыстыруға үйрету</p>	<p>Көркем әдебиет оқу «Ұйқасың тап»</p>	<p>Үстел- үсті ойын: «Пазлдарды құрастырамыз» Мақсаты: конструктормен, есептеу таяқшалармен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу.</p>	<p>Тақырыпқа әңгіме: «Денсаулық әлеміне саяхат»</p>
	<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеті: -Берілген сөзге сөйлем құрастыру. «Кім көп сөз табады» ойыны. Мақсаты: Балаларды буыннан сөз құрауға үйрету. 2.Сөйлеуді дамыту Міндеті: Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.Д/О: «Тез-ақырын» Мақсаты:Балаларға тақпақтарды,жаңылтп</p>	<p>1.Математика негіздері Міндеті: Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. 2.Қазақ тілі Міндеті: тақпақтар жаттату Д/О: «Таза айту» Мақсаты: сөздік қорын, логикалық ойлауын дамыту, байланыстырып сөйлем құрауға үйрету,әңгімені таза</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеті: -Берілген сөзге сөйлем құрастыру.. «Сөзді ата» ойыны Дауысты дыбыстары бар сөздерді, содан кейін олардың «дауыссыз жолдастарын» атаңыз. 2.Математика негіздері Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу Міндеті: «Сипап сезу арқылы санау» Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеті: -Берілген сөзге сөйлем құрастыру. «Кім көп сөз біледі?» Мақсаты: балалардың сөздік қорын молайту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Д/О «Нүктелер арқылы сурет сал» 2. Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті: Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).Мүсіндеу «Өсімдіктерді» мүсіндеу 3. Музыка Міндеті: музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық</p>	<p>1.Математика негіздері Міндеті: Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу «Дәл осындай пішінді тап» мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салысты-Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. руға жаттықтыру. 2.Көркем әдебиет Міндеті Ойын «Кімнің сөздері?» Мақсаты: Ауызекі сөйлеу және есте сақтау қабілетін дамыту. 3.Шығармашылық Жапсыру Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, Мүсіндеу -- Заттардың ұзын және қысқа,</p>

	<p>аштарды тез және ақырын айтуға үйрету. <u>Сурет салу:</u> «Балалар жаттығу жасайды» (акварель бояуымен) Міндеттері: <u>3.Қоршаған ортамен таныстыру</u> Міндеті: «Жалпы атауын ата» Мақсаты: Балаларға заттарды жеке - жеке таныта келе, ен соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу.</p> <p><u>4.Дене шынықтыру</u> Міндеті: -- Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Эстафеталық ойын. Мақсаты: Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату,</p>	<p>айтуға үйрету</p> <p><u>3.Көркем әдебиет</u> Міндеті : Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін рөлдерге бөліп сахналау</p> <p><u>4. Музыка</u> музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру; -сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту.</p>	<p>тәсілін қолдана білу. <u>Жапсыру</u> Алмаларды санап себетке жапсыру</p> <p><u>3.Сөйлеуді дамыту</u> Міндеті -Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, «Әңгіме ойлаймыз» Мақсаты: байланыстырып сөйлеу тілін, зейінін дамыту. .Д/О: «Дұрыс айт» Мақсаты: дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Сөйлеу қарқынын өзгерте білу ептілігін дамыту.</p> <p><u>4.Дене шынықтыру</u> Міндеті: - Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Қ/О: «Өз жұбыңды тап Мақсаты: Жұбымен шеңбер бойымен жүру.</p>	<p>мәнерлілік элементтерімен байланыстыру; -сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту.</p> <p><u>4.Қазақ тілі</u> Міндеті: - жұмбақтар шешкізу.</p>	<p>жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу. «Ғажайып қала» Мақсаты: Әр бала өз қиялындағы суретті салады, жапсырады, құрастырады, мүсіндейді</p> <p><u>4.Дене шынықтыру</u> Міндеті: - Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу Эстафеталық ойын. Мақсаты: Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату,</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет</p>				

	- Дене шынықтыру - Қоршаған ортамен таныстыру				
Серуен	<p>Көбелектерді бақылау. Мақсаты: - көбелектер туралы білімдерін молайту: пайда болуы, көбеюі, құрлысы, пайдасы; -барлық тірі табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Бақылау барысы Көркем сөз «Қызыл-жасыл көбелек» Ш. <i>Мұхаметжанов Дала қандай керемет, Қойның гүлге толады. Қызыл-жасыл көбелек, Бір ұшып, бір қонады. Қанша құсаң көбелек, Қанаты бір талмайды. Соныменен не керек, Ақыры ұстай алмайсың. Жазда, жасыл алқапта, гүлдер басында әдемі көбелектер ұшып жүреді. Олар сондай әдемі, түрлі-түсті. Ертеде Римде адамдар көбелектерді өсімдіктер гүлінен пайда болған дегенге сенген</i> Көбелектің екі жұп қанаты бар. Олар майда қабыршақпен көмкерілген. Сондықтан да</p>	<p>Найзағайды бақылау Мақсаты: — «Найзағай» ұғымымен таныстыру; — Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; — Сөздік қорларын байыту; — Бақылағыштықтарын дамыту.</p> <p>Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады</p> <ul style="list-style-type: none"> - Аспанда от қамшы осады, Ащы үнін ышқынып қосады. - Дүрліктіріп алапты, Шақпақ тастың жарқылы, Бұлт көрпесін жыртады. <p>◆ Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? ◆ Найзағай қай кезде ойнайды? ◆ Аспан неге күркірейді? ◆ Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады) ◆ Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады) ◆ Қалай ойлайсындар, найзағай неден пайда болады? Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады. күн күркіреген кездегі найзағай</p>	<p>Бақбақ гүлін бақылау Мақсаты: бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару); — табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру; — емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау.</p> <p>Бақылау барысы Көркем сөз. <i>Аппақ, аппақ бақбақтар, Үлбіреген бақбақтар, Құдды киіз ақ үйлер. Парашюттен аумайды. Төнеді кеп жан-жақтан, Сәл-пәл самал жел соқса, Тамашалап сәбилер. Ақ ұлпалар заулайды.</i></p> <p><i>Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы. Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңа бастаған жерлерде өседі. Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл</i></p>	<p>Жолжелкенді бақылау Мақсаты: емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. <i>Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту.</i></p> <p>Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімесі <i>-Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяққимге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, ишқанға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан</i></p>	<p>Жәндіктерді бақылау Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.</p> <p>Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Ызыңдап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) - Ызыңдап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) - Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) - Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) <p>Тәрбиеші сұрақтары. ◆ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ◆ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (көбелек, құрт т.б.) ◆ Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар) ◆ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ◆ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.) ◆ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара, жібек құрты, құмырсқа). ◆ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) ◆ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі</p>

<p>оларды қабыршақ қанаттылар деп атайды. Көделектің денесі қабыршақпен және майда шаштармен көмкерілген. Олардың қысқа мұрттары мен үлкен көздері бар. Гүлден гүлге қонып көбелектер шырын жинайды және оларды тозаңдандарады. Жазда ұрғашы көбелектер жер қыртысына жұмыртқаларын жинайды. Бірнеше уақыттан соң жұмыртқалардан құрттар-личинкалыр пайда болады. осы осы құрттардан нағыз көбелектер өседі. Тұт ағашының жапырақтарымен қоректенетін көбелектер адамға жібек алатын жіңішке жіптерін сыйлайды.</p> <p>Зерттеу жұмысы Қай гүлге қандай көбелектер қонып жүргенін қарау. (көбелектер көбіне өзі түстес гүлдерге құмар болады)</p> <p>Еңбек Гүлзардағы қоқыстарды жинау <i>Мақсаты: еңбек ете білу іскерліктерін қалыптастыру, өз беттерінше тазалық жүргізуге деген құштарлықтарын ояту.</i></p> <p>Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар». <i>Мақсаты: тәрбие</i></p>	<p>өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды.</p> <p>Зерттеу қызметі Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу.</p> <p>«Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы Нөсерлеп жаңбыр басталды, Науада қалқып қақ қалды. Найзағай тынбай жарқылдап, Нөсер тұр құйып сатырлап.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер) <p>Еңбек 1 топ- ауланы тырмамен тазалау; 2 топ-қоқыстарды шығару <i>Мақсаты:</i> — Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету; — Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру.</p> <p>Қимылды ойын «Өз ағашыңды тап». <i>Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету.</i></p> <p>Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін». <i>Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру</i></p> <p>Халық болжамы: - <i>Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.</i></p> <p>Қарлығаш келсе күн</p>	<p>жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-қуйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа үлпілдек «парашюттерге» айналады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай.</p> <p>Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады.</p> <p>Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек. Балаларға сұрақтар.</p> <ul style="list-style-type: none"> ◆ Бақбақ гүлінің түрі қандай?? ◆ Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді? ◆ Бақбақтың қандай лақап аттары бар? ◆ Бақбақты неге дәрілік өсімдік дейміз? <p>Зерттеу жұмысы: Бақбақтың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау.</p> <p>Еңбек. Гүл егілген алаң айналасын тазалау</p>	<p><i>жерге, асқазан ауруына, шанишуга, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады.</i></p> <p><i>Балаларға сұрақтар:</i> ◆ Мамыр айын халыққа қалай атайды? (<i>шешек айы</i>) ◆ Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? (<i>күннің көзі көп түскен жерде бар</i>) ◆ Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын) ◆ Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? (<i>олар бұрынғыдан да жасылдана түседі</i>) ◆ Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? (<i>жолжелкен</i>) ◆ Оны неге олай атаған? ◆ Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі?</p> <p>Зерттеу жұмысы Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу. Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру.</p>	<p>ауруларды тасиды) ◆ Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.</p> <p>Еңбек: Алаңды қоқыстардан тазалау. <i>Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</i></p> <p>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». <i>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.</i></p> <p>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. <i>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.</i></p> <p>Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.</p>
--	--	---	---	--

	<i>ші белгісі бойынша жүкіруге, өрмелеуге жаттықтыру.</i> Жаттығу ойыны: «Кеглиді құлат». <i>Мақсаты: Дәлден тигізе білуге жаттықтыру.</i>	күркіреді.			
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті)				
Балалармен жеке жұмыс	Ясина Қазақ тілінде сөйлеуге баулу	Азат Мақсаты:Сөздерді дұрыс айтуды дағдыландыру	Зере және оның таңбасын ажырату, берілген дыбысқа сөздер ойлап табу, сөздің,сөйлемнің айырмасын, сөйлемнің ұзын-қысқалығын ажырата білу.	Сұлтан Мақсаты:Өз-өзіне мінездеме бере білуге,мейрімділік,жауапкершілік,достық қарым-қатынас сезімдерін қалыптастыру.	Гүлім Қанша нешеу ұғымдарын қалыптастыру
Балалардың өзіндік қызметі	Пазлдар жинау	Шашки ойнау	Кітаптар қарау	Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру	Ертегі кітаптар қарау
Балалардың үйге қайтуы	<p>Ата –аналарға кеңес</p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>				

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Родниковка ЖОББМ

Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 29-31 .2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 29.05.23	Сейсенбі 30.05.23	Сәрсенбі 31.05.23		
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі фильтр, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
Ата-аналармен әңгімеселу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға күн тәртібін сақтау туралы еске салу; Баланың мінез-құлық және сыныпта болу ережелері. Көшедегі қауіпсіздік.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындар, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балаларды алаңда қабылдау. «Жыл мезгілдері: Жаз, көктем белгілері» Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдері жайлы жалпы түсінік беру. Жыл мезгілдерінің құбылыстарына сипаттама беру.	«Оң және сол» Ойынның мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойынның мазмұны: Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.	Сюжетті ойын: «Шаштараз» Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу.		
Таңертеңгілік жаттығу	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Диірмен» н. қ – аяқты алшақ ұстау, қол төменде 1-4 рет қолмен диірменді айналдыру 5-6 керісінше. 2. Н. қ- аяқты алшақ ұстау, қол артта, 1- қолды жоғарыда шапалақтау, 2-3 төмен қарай еңкею басты аяққа қарай созу, шапалақтау. 3. Н. қ - тіземен отыру, алға қарау, 1-2 аяқты тікейтү, ұшымен тұру 3-4 н. қ 4-5 рет қайталау. 4. «Футбол» арқамен жату, тізені тіке әкелу оң және сол аяқпен допты тепкендей тебу, екі аяқ. 5. « Насос» н. қ- аяқты алшақ ұстау, қол белде 1-2 оңға бұрылу, оң қол төменде, сол қол жоғарыда, еңкейгенде ш-ш-ш деп дем шығару. 6. « Шапалақтау» н. қ – отыру, қол артта 1-2 оң аяқты көтеру, тізе астынан шапалақтау. 				

<p>Ұйымдастырылған қызметке дайындық (ҰК)</p>	<p>Балалар әсер алу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылау, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б. үшін жиналады. Балалар тәрбиешіге қоршаған ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен қызмет, кезекшілік)</p>				
	<p>Саусақ гимнастикасы "Оң қолымда бес саусақ ,Сол қолымда бес саусақ болады неше саусақ" (</p>	<p>Танымдық-қимылды ойын: «Аңдар жүрісі»Мақсаты: Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады</p>	<p>Дербес ойын «Мозайка» Мақсаты:Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады.</p>		
<p>Ұйымдастырылған қызмет</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.</p>	<p>1.Математика негіздері Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. 1.Ойын: «Біреуі артық немесе кем» Мақсаты: Ойлау қабілеттерін дамыту, сандарды салыстыруға, топтастыруға</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша</p>		

	<p>1.Ойын «Кім не естиді?» Мақсаты: Балалардың фонематикалық есту қабілетін дамыту; сөздердегі керекті дыбысты есту біліктілігін қалыптастыру. Ойын барысы: Педагогтың қысқа әңгімесін немесе жаңылтпашты тыңдап алғаннан кейін, балалар керекті дыбыстан басталатын сөздерді айтып береді. Көп сөздерді айтып берген бала, жеңімпаз болады.</p> <p>2.Ойын: «Қандай дыбыс?» Мақсаты: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды айыру біліктілігін дамыту; дыбыстарды белгілер арқылы көрсетуді үйрету. Ойын барысы: Педагог түрлі дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтады, ал балалар керекті карточкаларды көрсетеді. Ойынды қайталағанда дыбыстарды жабық көздермен естуге болады.</p> <p>2.Сөйлеуді дамыту-Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану</p> <p>1.Ойын: «Жаңғырық » Мақсаты: Берілген дыбысы бар сөздерді атауға, сөздегі бірінші дыбысты ерекшелеп, атауға үйренеміз.</p> <p>2.Ойын: «Зоопарк» Мақсаты: «З», «с», «р» дыбысы бар сөздерді ата ... Қатты және жұмсақ дауысты және саңырау дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйренеміз.</p> <p>Мүсіндеу (дыбыстардың</p>	<p>үйрету. Біреу кем немесе артық түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>2.Ойын «Цирктің әртістері» Мақсаты: 1-ден 10-ға дейінгі сандар қатары туралы алған білімдерін бекіту.</p> <p>2.Қазақ тілі кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру</p> <p>1.Ойын: «Ыстық-Салқын» Мақсаты: Тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту. Тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>2.Өлең «Мен ғарышкер боламын» Мақсаты:Қ және Ғ дыбыстарын дұрыс айтуға баулу. Тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Жапсыру Ғарыш кемесі</p> <p>3.Көркем әдебиет -Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау..</p> <p>Өлең: «Туған жер» Мақсаты: Туған жер өлеңінің мәні мен мағынасын аша отырып, интонациямен, мәнерлеп оқуға балаларды</p>	<p>және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.</p> <p>1.Ойын «Қандай дыбыс естіп тұрсын» Мақсаты: Дыбыстардың айырмашылығын таба білу білімдерін қалыптастыру, есте сақтау қабілеттерін дамыту, есту және естіген дыбыстарын айтып беруге дағдыландыру.</p> <p>2.Ойын «Сөзді ата» Мақсаты: Дауысты дыбыстары бар сөздерді, содан кейін олардың «дауыссыз жолдастарын» атаңыз.</p> <p>2.Математика негіздері 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік шығару</p> <p>Ойын «Аңдарды қоректендір» Мақсаты: 1-10 сандар қатары туралы алғашқы білімдерін бекіту; қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>Құрастыру Аңдардың дене бөліктерін құрастыру Д/О:«Сиқырлы қалта» Мақсаты: Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету.</p> <p>3.Сөйлеуді дамыту Белгілі бір затқа</p>		
--	--	---	---	--	--

	<p>элементтерін мүсіндеу) 3.Қоршаған ортамен таныстыру Өртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. 1.Ойын: «Әсем не істегісі келеді?» Мақсаты: Балаларға кейбір еңбек түрлері туралы айтып, оларға керекті материалмен, құрал-жабдықтармен және оларды қандай жұмыстарда қолданылатынын таныстыру. 2. Ойын «Жұмысты таңдаймыз» Мақсаты: Балаларға адамдардың мамандықтарымен таныстыру, балаларға таныс емес мамандықтарды бақылату, кез келген мамандыққа адамдардың еңбекке деген қызығушылығын ояту. 4.Дене шынықтыру Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу 1.Ойын: «Музыка ырғағымен» Мақсаты: Балаларға таңертеңгілік жаттығуларды жасату арқылы, балалардың белсенділігін арттыру, қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйрету. 2.Ойын «Шеңбердегі қоян» Мақсаты: Шеңберде аяқтың ұшымен, өкшемен жүруге</p>	<p>баулу. Д/О: «Мен бастаймын, сен аяқта» Мақсаты: Туған жер өлеңінің мәні мен мағынасын аша отырып, интонациямен, мәнерлеп оқуға балаларды баулу. 4. Музыка</p>	<p>белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. 1.«Әр-түрлі сөздерді жинақта» Мақсаты: Берілген дыбысқа сөз ойлап табуды үйрету. Сөздік жұмыс жүргізу арқылы баланың сөздік қорын молайту. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу. 4.Дене шынықтыру Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту 1.Ойын «Паровоз» (қатар-қатар тұрайық) Мақсаты: Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паровоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету.</p>		
--	---	---	---	--	--

	үйрету. Таңертенгілік жаттығу балалардың ақыл-ой адамгершілік, еңбек жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға баулу.				
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет - Дене шынықтыру - Қоршаған ортамен таныстыру				
Серуен	Ауа-райын бақылау <i>Мақсаты:</i> Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Бақылау барысы <i>Көркем сөз. А. Меңдібай</i> Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз еккен, Гүл шоқтары гүлдейді. Жапырақтар сыбдырлап, «Қандай көркем, көр»-дейді. Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді. ♦ Балалар, қарандаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген? (көктем). ♦ Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр, жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр) ♦ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (күн жылығандықтан) ♦ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) ♦ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) ♦ Қазір аспан көрнісі қандай?	Гүлзарды бақылау <i>Мақсаты:</i> — Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту; — Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау; — Табиғатты сүйеге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді ♦ Қандай үй гүлдерін білесіңдер? ♦ Қандай дала гүлдерін білесіңдер? ♦ Олардың қандай айырмашылығы бар? ♦ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге? ♦ Сендердің үйлерінде гүл бар ма? Қандай? ♦ Оларды қалай күтесіңдер? ♦ Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек? ♦ Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады? ♦ Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? ♦ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды? ♦ Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбілі гүлдер бір жылдық деп аталады? Еңбек Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). <i>Мақсаты:</i> — Бірлесе жұмыс істей білу	Серуен № 6 Велосипедті бақылау <i>Мақсаты:</i> велосипедтің қажеттілігі туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы <i>Балаларға жұмбақ жасыру</i> Бірде екі дөңгелекті, Бірде үш дөңгелекті. Қажет кезде онымен, Қызыққа да батасың, Артып алып сөмкеңді, Серуендеп те қайтасың. (велосипед) Балаларға сұрақтар. ♦ Балалар, велосипедтер қандай болады? (балаларға және үлкендерге арналған) ♦ Олардың қандай айырмашылығы бар? (көлемімен және дөңгелегімен) ♦ Велосипед қандай бөліктерден тұрады? ♦ Велосипедте жүру қиын ба? ♦ Қалай ойлайсыңдар, велосипедпен жүру үшін жол ережесін білу керек пе? ♦ Велосипедтің машинадан қандай айырмашылығы бар ? ♦ Велосипедпен бір уақытта неше адам жүруге болады ? Еңбек		

	<p>(ашық көк) ♦ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр). ♦ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? ♦ Жаңбыр қандай температурада жауады? ♦ Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды). Еңбек Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. <i>Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.</i> Қимылды ойын «Үшінші артық». <i>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.</i> Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. <i>Мақсаты:</i> — Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; Қозғалыс координацияларын сақтау</p>	<p>іскерліктерін тиянақтау; — Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру. Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». <i>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру.</i> Жаттығу ойыны «Құлап қалма». <i>Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.</i> Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа. - <i>Гүл-араға, бал-балаға.</i> Қызыл гүл көзге алыстан шалынар</p>	<p>Алаңға баратын жолдарды қоқыстардан тазалау. <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын қалыптастыру.</i> Қимылды ойын «Теңге алу». <i>Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа, жеңіске жетуге деген құштарлыққа баулу.</i> Жаттығу ойыны Затты нысанаға лақтыру. <i>Мақсаты: қол күштерін, көз өлшемін, объектіні бағдарлай білулерін дамыту.</i> Мақал: Жолда жүрсең, сақ жүр.</p>		
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті)				
Балалармен жеке жұмыс					
Балалардың өзіндік қызметі	Пазлдар жинау	Шашки ойнау	Кітаптар қарау		
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				